1.1. Осы Жарғы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексына және 2003 жылдың 13 мамырында қабылданған №415-ІІ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан былай-АҚ туралы заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативті-құқылы актілеріне сәйкес қабылданған. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес «АЗИЯ АВТО» жабық акционерлік қоғамының «АЗИЯ АВТО» акционерлік қоғамы болып тіркелген сәттен бастап күшіне кіреді.

1.2. «АЗИЯ АВТО» жабық акционерлік қоғамы, Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласының әділет басқармасымен тіркелген, 2002 жылдың 20 желтоқсанында берілген №15013-1917-АО мемлекеттік тіркеу куәлігі. 2003 жылдың 13 мамырында қабылданған №415-ІІ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 90 тармағының 1 тармақшасына сәкес, «АЗИЯ АВТО» акционерлік қоғамына қайта тіркеледі. «АЗИЯ АВТО» акционерлік қоғамы «АЗИЯ АВТО» жабық акционерлік қоғамының, жақтардың бәсекелесу міндеттемелерін қоса ала отырып оның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқық иеленушісі болып табылады.

2 бап. Қоғамның атауы, орналасқан жері, қызмет мерзімі және мәні.

2.1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде – «АЗИЯ АВТО» акционерлік қоғамы;

- орыс тілінде – акционерное общество «АЗИЯ АВТО»;

қоғамның қысқаша атауы:

- қазақ тілінде – «АЗИЯ АВТО» АҚ;

- орыс тілінде – АО «АЗИЯ АВТО»;

2.2. Қоғамның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 101/1.

2.3. Қоғамның қызметінің мәні Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес асырылатын коммерциялық қызмет болып табылады.

2.4. Қоғамның қызмет мерзімі шектелінбеген.

3 бап. Қоғамның заңды мәртебесі.

3.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдарына, осы жарғыға және Қоғамның ішкі ережелеріне сәйкес өз қызметін шаруашылық есеп негізінде жүзеге асырады.

3.2. Қоғамда дербес балансы, банктерде есеп шоттары, домалақ мөрі, және заңды тұлғаның қазақ, орыс тілінде атауы көрсетілген басқа да ерекшк белгілері бар.

3.3. Қоғам өз міндеттемелері бойынша барлық мүлігімен жауап береді. Қоғам акционері, Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, бірақ ол өзіне тиісті акциялар құнының мөлшерінде, Қоғам қызметіне байланысты шығынға ұшырау мүмкіндігіне тәуекел.

3.4. Қоғам өзінің негізгі ұйымның қарыздары бойынша жауап бермейді. Негізгі ұйым, Қоғамға орындауға міндетті нұсқау беруге құқылы және осы нұсқауларды орындау мақсатында Қоғаммен жасалған келісімдер бойынша қосымша жауап береді.

3.5. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп іске асыруға, міндетті болуға және сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3.6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа алады.

3.7. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқығы бар.

3.8. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен, Қоғам орналасқан аумақтан тыс жерлерде заңды тұлға болып саналмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғамның тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы.

3.9. Қызмет мерзімі шектелінбеген.

4. Қоғам қызметінің мақсаты және түрлері

4.1. Акционерлік Қоғамның құрылу мақсаты, қоғам керегін қанағаттандыру және акционерлер мүддесіне таза пайда табу.

4.2. Қоғам көрсетілген талаптарға қол жеткізу үшін заңдармен тыйым салынбаған келесі іс-әрекеттерді іске асырады:

- Автомотокөлік құралдарын шығару және құрастыру;
- Сауда және автомобильдерді комиссиялық сату;
- Көтерме сауда;

- Бөлшек сауда;
- Автоматокөлік құралдарын жөндеу және қызмет көрсету;
- Ғимараттар мен қондырғыларды жобалау және құрылысын жүргізу, жөндеу-әрлеу, монтаж жұмыстар;
- Сыртқы экономикалық қызмет және экспорт–импорт операциялары;
- Делдалдық қызмет;
- Көлік-экспедициялық қызмет;
- Қойма қызметі;
- Халық тұтыну тауарларды, ауыл-шаруашылық өнімдерін шығару және өткізу;
- Өндірістік және тұрмыстық бағыттағы техникалық құралдарын жөндеу және қызмет көрсету;
- Жарнама, кеңес беру және ақпараттық қызметтер, маркетинг;
- Полиграфиялық және баспа қызметі;
- Мейманханалар, дәмханалар және қоғамдық тамақтану мен бос уақытты өткізудің басқа түрлерін ұйымдастыру;
- Туризм мен қоңақ үй бизнесін, спорттық-сауықтыру қызметін ұйымдастыру;
- Бастапқы кәсіби білім беру қызметі, оның ішінде жұмысшы мамандықтар бойынша дайындау және қайта дайындау, мамандықты көтеру, мемлекеттік үлгідегі күәлік беру;
- Лизинг қызметі;
- Алғашқы медико-санитарлық көмек: дәрігерлік жәрдем алдындағы медициналық көмек, жедел шұғыл медициналық көмек: шұғыл медициналық көмек ;сараптамалық медициналық қызмет: накологиялық сараптама;
- ҚР заңдарына қайшылық келмейтін басқа да қызмет түрлері.

4.3. Қоғам лицензиялауға жататын барлық қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен алынған лицензияны алғаннан соң жүзеге асыруға құқылы. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан да тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы.

5 бап. Қоғамның жарғылық капиталы, құнды қағаздары.

5.1. Қоғамның жарғы капиталы бастапқыда құрылтайшылардың акцияларды номиналды бағасы бойынша тікелей төлеумен және инвесторларға оларды орналастыру бағасы бойынша ары қарай сату арқылы құрылады.

5.2. Қоғамның жарғы капиталы құрылтайшылармен толық төленіп, 1407855842 теңгені құрайды. 5.3. Қоғамның жарғы капиталының мөлшерін заңдар белгілеген тәртіппен көбейтуге рұқсат етіледі.

5.4. Қоғам жай және артық дәрежелі, оның ішінде конверсияланатын акциялар шығаруға құқылы. Артық дәрежелі акцияларды заңмен белгіленген тәртіпте жай акцияларға конверсиялауға мүмкіншілік бар.

5.5 Қоғам облигация шығаруға құқығы бар, оның ішінде облигация бағдарламасының шегінде. Қоғам жарияланған және орналастырылған акциялардың айырмасының шегінде, акцияларға конверсияланатын облигация шығаруға құқылы.

5.6 Қоғамның жарияланған жай акцияларының саны – 101000 (жүзбір мың) дана, оның ішінде 100000 (жүз мың) дана- жай акция және 1000 (бір мың) дана –жылына кепілді дивиденді бір акцияға жаққанда 1000 (мың) тенге құрайтын, артық дәрежелі акциялар. Жарияланған акциялар санын және/немесе түрін, Қоғам Жарғысына және акциялар шығару жарнамасына сәйкесті өзгертулер енгізген соң өзгертуге болады.

5.7 Қоғамның құрылтайшысы, әрбіреуінің номиналды бағасы 14078558,42 теңгені құрайтын жарияланған жай акциялардың 100 данасын сатып алды.

5.8 Қоғамның құнды қағаздары, заңдар, қоғам жарғысы және эмиссиялық құнды қағаздарын шығару тиісті жарнамасы белгілеген көлемде, иесінің құқығын куәландырады.

6 бап. Қоғам акциялары

6.1. Жай акция- акционердің келесі құқықтарын куәләндіретін, Қоғам шығарған бағалы қағаз:

6.1.1. Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидент алу;

6.1.2. Барлық сұрақтар шешкен кезде акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығын;

6.1.3. Қоғам жойылған кезде, осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орнатылған тәртіпте мүлік бөлігін алу құқығы;

6.2 Жай акциялардың қозғалысы, дербес тіркеуші жүргізетін бағалы қағаздар ұстаушыларының реестрінде тіркеледі. Бұл реестірге акцияларды сатып алу уақыты, акционердегі акциялар саны және қолданыстағы заңға сәйкес басқа да мәліметтер енгізіледі.

6.3 Артық дәрежелі акциялар төмендегі жағдайларды қоспағанда, акционерге Қоғамды басқаруға қуқық бермейді:

6.3.1. Қоғамның жалпы жиналысы талқылаған сауалдар бойынша шешім, артық дәрежелі акциялар иесінің құқығын шектеу мүмкіндігін тудырса. Егер құқықты шектеу мәселесі бойынша артық дәрежелі акциялардың үштен екі бөлігі дауыс берсе, бұл шешім қабылданады.

6.3.2. Қоғамның жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру немесе тарату бойынша сауал талқыласа.

6.3.3. Артық дәрежелі акциялар бойынша дивиденттер белгіленген төлеу мерзімі өткеннен кейін үш ай ішінде толық көлемде төленбейді.

6.4 Осы Жарғы орнатқан кепілді көлемде дивидент алуда және ҚР заңдарымен орнатылған тәртіпте Қоғам таратылған жағдайда мүлігінің бөлігін алуда, артық дәрежелі акцияларды иеленетін акционерлердің жай акцияларды иеленетін акционерлердің алдында артықшылықтары бар. Артық дәрежелі акциялардың саны, Қоғамның жарияланған барлық акциялар санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

6.5 Қоғам сатып алған меншікті акциялар туралы деректер, құнды қағаз ұстаушыларының реестіріне енгізілуі тиіс.

6.6 Шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болған шығынды өтеу мақсатында, Қоғам акция шығаруға құқысы жоқ.

6.7 Акционердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқығын растайтын құжат ретінде, бағалы қағаздар ұстаушыларының реестірінен үзінді болып табылады.

6.8 Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен орнатылған жағдайларда ғана Қоғам өзі шығарған акцияларды кепілдікке қабылдайды.

6.9 Қоғам акцияларын кепілдікке тапсыру құқығы, осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе болдырмауға жол берілмейді.

6.10 Акцияларды және облигацияларды шығару, олардың қозғалысы және тіркеу туралы сауалдар заңмен реттелмеген жағдайда, қолданыстағы заңға сәйкес, АҚ акцияларды шығару туралы шешім қабылдағанда анықталады.

7 бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары

7.1. Қоғамның акционері:

- 1) осы жарғыда көсетілген тәртіпте қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивиденттер алуға;
- 3) қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;
- 6) қоғам органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Қоғамға қызметі туралы жазбаша сауал салуға және қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде, дәлелді жауаптар алуға;
- 8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бөлігіне;
- 9) Осы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

7.2. Ірі акционердің сондай-ақ:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда жалпы жиналысты шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 2) директорлар кеңесіне, осы Заңға сәйкес акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

7.3 Акционер міндетті:

- 1) акциялардың құнын төлеуге;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші және нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) қоғам қызметінің коммерциялық құпиясы болып табылатын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының АҚ туралы Заңының және заңды актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді атқаруға.

8 бап. Қоғамның органдарын қалыптастыру және оның құзыры.

8.1. Қоғамның органдары:

жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;

басқару органы – директорлардың Кеңесі;

атқарушы орган – Президент;

Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа органдарды құруға құқылы.

8.2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы.

8.2.1. Қоғам жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысын жүргізуге міндетті.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

8.2.2. Қоғам акционерлерінің жыл сайын өтетін жалпы жиналысынан өзгесі кезектен тыс болып саналады.

8.2.3. Әрбір акционерлердің жалпы жиналыста дауыс саны, өзіне қарасты дауыс беру акцияларының санына тең.

8.2.4. Жалпы жиналыста жай акциялары бар Қоғам акционерлері, сонымен бірге Президент шақырған адамдар қатысуы мүмкін.

8.2.5. Жалпы жиналысты дайындап жүргізуін Президент жүзеге асырады.

8.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыры:

8.3.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзырына келесі сұрақтар жатады:

1) қоғам жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа басылымда бекіту;

2) қоғамды еркін қайта құру немесе тарату (Қазақстан Республикасының заңдары белгілегеннен басқа жағдайларды алмағанда);

3) қоғамның жарияланған акциялардың мөлшерін өзгерту;

4) санау комиссиясының сандық құрамын және құзыр мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың құзырларын уақытынан тыс тоқтату;

5) қоғамның директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын анықтау және оның мүшелерінің құзырларын уақытынан тыс тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшерлері мен жағдайларын анықтау;

6) қоғамда аудитті жүзеге асыратын аудиторлық қызметті анықтау;

7) қоғамның жылдық қаржылық есеп беруін бекіту;

8) қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;

9) Төмендегі жағдайларда, Қоғамның жай және артық дәрежелі акциялары бойынша дивидендтерді төлеуден бас тарту бойынша шешім қабылдау:

- өз капиталы теріс болған жағдайда немесе егер қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

- егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

- егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

10) қоғамға қарасты барлық активтердің сомасы жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы, басқа да заңды тұлғалар құру немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

11) қоғамның ірі мәмілелер жасасу және жасалуына қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;

12) қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;

13) алдағы акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге қоғам хабарламаларының үлгісін анықтау және осындай ақпараттарды басылымдарда орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңдарына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін белгілеу;

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін белгілеу;

16) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, соның ішінде, баспасөз басылымын анықтау;

17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

18) АҚ туралы заңға және Қоғам жарғысына сәйкес, басқа да сауалдар бойынша шешім қабылдау, акционерлердің жалпы жиналысының құзырында.

8.3.2. Жарғының 7.3.1 тармағының 1)-3), тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша қоғамның жалпы жиналысының шешімі, қоғамның дауыс беретін акцияларының дәрежелі басым көпшілігімен қабылданады. Қалған басқа да мәселелер бойынша қоғамның жалпы жиналысының шешімі, дауысқа қатысатын қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым басым көпшілігімен қабылданады.

8.3.3. Қазақстан Республикасының заңдарымен қамтылған жағдайлардан басқа өзге жағдайларда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

8.3.4. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғам органдарының, қоғамның ішкі қызметіне қатысты кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

8.4. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

8.4.1. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындап жүргізуге төмендегілер міндетті:

- 1) атқарушы орган;
- 2) келісімге сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 3) директорлар кеңесі;
- 4) қоғамның жою комиссиясы.

8.4.2. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын, АҚ туралы Заңда белгіленген жағдайлардан басқа, қоғам төлейді.

8.4.3. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы мүдделі адамның талабы бойынша сот шешімі негізінде немесе әрбір, акционерлердің жалпы жылдық жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда шақырылады.

8.5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы.

8.5.1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

8.5.2. Өз еркімен таралу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы қоғамның жою комиссиясының бастамасымен шақырылу, дайындалу немесе өткізілу мүмкін.

8.5.3. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы мүмкін, егер қоғамның органдары оның акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаса.

8.5.4. Қоғамның жалпы жиналысының ірі акционердің талабы бойынша шақыру және өткізу ерекшеліктері:

1. Акционерлердің кезектен тыс жиналысын өткізу туралы талап директорлар кеңесіне ұсынылып, қоғамның атқару органының тұрған жеріне осы жиналыстың күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламамен бағытталады.

2. Директорлар кеңесі көрсетілген талапты алған күннен бастап он күн аралығында сы талапты ұсынған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлайды. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ұсынылған талапқа сәйкес шақыру кезінде директорлар кеңесі өзінің қарауы бойынша жиналыстың күн тәртібін толықтыруына құқылы.

8.6. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналыстың өткізу турлы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек. Акционерлер тізіміне енгізілетін мәліметтер өкілетті органмен белгіленеді.

8.7. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналақан мекен-жайда өткізілуі қажет.

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру.

8.8.1. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

8.8.2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру акционердің назарына жазбаша хабар жіберу арқылы жеткізілуі тиіс.

8.8.3. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні және уақыты;

4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі көрсетіледі.

8.9. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы.

8.9.1. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысы акционерлердің бірінші шақырылған (өтпей қалған) жалпы жиналыстың бекітілген мерзімінен бір күн бұрын және сол жерде ғана өткізіледі.

8.9.2. Акционерлердің қайталанған жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің бірінші шақырылған (өтпей қалған) жалпы жиналыстың күн тәртібімен бірдей болу қажет.

8.10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін

8.11. Акционерлердің жалпы жиналысының қворумы.

8.11.1. Егер, жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сондай-ақ қоғамның дауыс беретін акцияларын жинақтап алғанда елу және одан да көп пайызын иеленетін адамдар тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

8.11.2. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталанып өткізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) қворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

8.12. Акционерлердің жалпы жиналысы

8.12.1. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін оған келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі, оның акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқырын растайтын сенімхатты көрсетуге тиісті. Тіркеуді өтпеген акционер (акционердің өкілі) қворум анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге құқы жоқ.

8.12.2. Акционерлердің жалпы жиналысы қворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

8.12.3. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың төрағасын (алқа) және хатшыны сайлайды және дауыс беру формасын орнатады-ашық немесе жасырын (бюллетень бойынша).

8.12.4. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралып, олар бойынша шешім қабылданған соң жабылды деп жарияланады.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін сырттай дауыс беру арқылы қабылдау.

8.13.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімін сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға болады. Сырттай дауыс беру жалпы жиналыстағы акционерлердің дауыс берумен (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолданылады.

8.13.2. Сырттай дауыс беру кезінде, бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлерге жіберіледі. Жалпы жиналысының отырысының шешіміне ықпал ету мақсатында, Қоғам акционерлерге талғап бюллетеньдер жіберуіне жол берілмейді.

8.13.3. Дауыс беру бюллетені акционерге Жалпы жиналысының отырысын өткізу күнінен 45 күн бұрын жолдануы тиіс.

8.13.4. Сырттай дауыс беру үшін бюллетень келесіні қамтиды:

1) Қоғамның атауы және қоғамның атқару органының тұрған жері;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беру бюллетенін ұсынудың соңғы күні;

4) жалпы жиналыс шақырылатын күні немесе акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ сырттай дауыс беру үшін дауыс санау күні;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар болса, үміткерлердің аттары;

7) дауыстауға ұсынылатын мәселелердің түсіндірмесін;

8) дауыс беруге ұсынылған сұрақтар бойынша дауыс берудің варианттары – «Қолдаймын», «Қолдамаймын», «Дауыс беруден тартынамын».

9) күн тәртібінің әр сұрағы бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетень толтыру) түсіндіру.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде жеке тұлға акционердің қолы болу керек және оны куәландыратын құжат туралы деректер болуы тиіс.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беру бюллетенін оның жетекшісі қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырады.

Жеке тұлға – акционердің қолы немесе заңды тұлға-жетекшісінің қолы қойылмаса, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылмаса дауыс беру бюллетені жарамсыз деп саналады.

Дауыс санау кезінде акционердің бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған сұрақтар бойынша дауысы ескеріледі және дауыс беру варианттарының біреуі ғана белгіленген жағдайда.

8.13.5. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерді белгілесе, сырттай дауыс беру бюллетенінде жеке кандидаттар үшін берілген дауыс санын көрсету үшін бос орын көзделуі қажет.

8.13.6. Егер сырттай дауыс беру үшін бюллетень жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру жалпы жиналысына дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының қворумын белгілеу және күн тәртібі сұрақтары бойынша дауыс санағанда ескерілмейді.

8.14. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру.

8.14.1. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципімен жүзеге асырылады, тек келесі жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының заңды актілерінде көрсетілген жағдайларда бір акционерге ұсынатын акциялар бойынша дауыс беру санының жоғары шегіне шектеу;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс беру;

3) акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу жөнінде бір дауыс бойынша, акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әрбір тұлғаға ұсыну;

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы.

8.15.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс біткен соң үш күн ішінде әзірленіп, оған қол қойылады.

8.15.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

1) қоғамның атқару органының толық атауы және тұрған жері;

2) акционерлердің жалпы жиналысының мезгілі, уақыты және жүргізілетін жері;

3) акционерлердің жалпы жиналысы ұсынған, қоғамның дауыс беру акциясының саны туралы мағлұматтар;

4) акционерлердің жалпы жиналысының қворумы;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;

7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (алқа) және хатшысы;

8) акционерлердің жалпы жиналысында қатысушы тұлғалардың сөз алуы;

9) дауыс беруге қойылған акционерлердің күн тәртібіндегі әрбір мәселелер бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;

10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыстау қорытындысы;

11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

8.15.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қоятындар:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (алқа мүшелері) және хатшысы;

2) есептеу комиссиясының мүшелері;

3) он және одан да көп (халықтық акционерлер қоғамында-бес және одан да көп) қоғамның дауыс беретін акцияларына ие акционерлермен және акционерлердің жалпы жиналысында қатысушылармен қол қойылады.

Қаулыға қол қоятын тұлғаның мүмкіндігі жоқ жағдайда, қаулыға оның өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілімен қол қойылады.

8.15.4. Акционерлердің жалпы жиналысының қаулысы дауыс беру қорытындысы туралы қаулымен, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беру құқығына сенімхаттармен, сондай-ақ, қаулы қолдары және қаулыға қол қоюдан бастарту себептері түсіндірілген жазбаша түсініктемемен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқару органдарымен сақталады және акционерлерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылады. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

8.16. Директорлар Кеңесі.

8.16.1. Директорлар Кеңесі акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне жататын мәселелерден басқа қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

8.16.2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) қоғам қызметінің басым – бағыттарын айқындайды;
- 2) қоғам акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдайды;
- 3) Қоғам акцияларын орналастыру туралы және жарияланған акциялар саны шегінде олардың орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғаммен орналастырылған немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешім қабылдауға;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есеп беруін алдын ала бекіту;
- 6) Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы және аржылық есеп беру жылы үшін төленетін дивидендтерден басқа бір жай акцияға дивиденд мөлшерін анықтау туралы шешімі қабылдау;
- 7) Облигациялар шығару және қоғамның бағалы қағаздарының өндірісін анықтау;
- 8) Атқару органының сан құрамын, уәкілеттік мезімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқару органының функциясын жеке атқаратын тұлғалар) сондай-ақ, олардың құзыретін уақыттан тыс тоқтату;
- 9) Лауазым ақыларының мөлшерін және еңбекақы жағдайлары мен басшы мен атқару органының мүшелерінің (атқару органының функциясын жеке атқаратын тұлғалар) сыйақыларының мөлшерін анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметтерінің жұмыстарының тәртібін, мөлшерін, және еңбекақы және ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің сыйақыларын анықтау;
- 11) Бағалаушы мен аудитор ұйымдарының қызметтерінің төлемінің мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның резерв капиталын пайдалану тәртібін анықтау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін (атқару органымен қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатымен қолданылатын құжаттардан басқа) құжаттарды бекітуге;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;
- 15) Басқа ұйымдарды құру және оның қызметіне қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Қоғам міндеттерін оның жеке капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге көбейтуге;
- 17) Бұрынғы тіркеушімен келісімнің тоқтатылғаны жағдайында қоғам тіркеушісін таңдау;
- 18) Қоғамның немесе оның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпиялары туралы ақпараттарды анықтау;
- 19) Ірі мәмілелер және мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 20) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, осы Заңда және қоғамның Жарғысында көзделген басқа да сұрақтар.

8.16.3. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне кіретін мәселелер атқарушы органның орындалуына берілмейді.

8.16.4. Қоғамның жарғысына сәйкес атқарушы органның ерекше құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға Директорлар Кеңесіне құқық берілмейді, Акционерлердің Жалпы Жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдамайды.

8.17. Директорлар Кеңесінің құрамы.

8.17.1. Директорлар Кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

8.17.2. Директорлар Кеңесінің мүшелігіне сайланады:

- 1) жеке тұлға-акционерлер;
- 2) Директорлар Кеңесінің құрамына ұсынылған акционерлердің мүдделерін қорғайтын адамдар;
- 3) басқа адамдар (осы баптың 3 тармағында белгіленген шектеулер ескеріліп).

Директорлар Кеңесінің мүшелері кумулятивті дауыс берумен сайланады. Акционер өз иеленетін акциялар бойынша толығымен бір кандидатқа дауыс беруге немесе директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында дауысын бөліп беруге құқылы. Директорлар Кеңесінің мүшелігіне ең көп дауыс жинаған кандидаттар сайланды деп саналады. Егер екі және одан астам кандидаттар дауыс санын бірдей жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

8.17.3. Директорлар Кеңесінің мүшесі болып қоғамның акционері емес және акционерлердің мүдделеріне өкілетті болып ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін. Осындай адамдар саны Директорлар Кеңесінің құрамының елу пайыздан аспауы керек.

8.17.4. Атқарушы органның мүшелері, жетекшілерінен басқа, Директорлар Кеңесінің құрамына сайланбайды. Атқарушы органның жетекшісі Директорлар Кеңесінің құрамының төрағасы болып сайланбайды.

8.17.5. Директорлар Кеңесінің құрамының саны 7 адам болуы керек.

8.18. Директорлар Кеңесінің құрамы мүшелерінің өкілеттік мерзімі.

8.18.1. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз сан рет қайта сайлануы мүмкін, егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқадай көзделмесе.

8.18.2. Директорлар Кеңесінің құрамының өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар Кеңесінің құрамы мүшелерінің өкілеттік мерзімі Директорлар Кеңесінің жаңа құрамын сайлайтын жалпы жиналысында өтеді.

8.18.3. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттілігін мерзімге дейін тоқтатуға құқылы.

8.18.4. Директорлар Кеңесінің мүшелерінің өз ниетімен өкілеттілігін мерзімге дейін тоқтатылуы жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Осындай Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілдігі директорлар кеңесінің көрсетілген хабарлануды алған сәттен бастап тоқтатылады.

8.18.5. Директорлар Кеңесінің мүшесінің өкілдігі мерзімге дейін тоқталса, Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі акционерлердің жалпы жиналысында көрсетілген дауысы бар акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыспен сайланады, осымен қатар Директорлар Кеңесінің бұл мүшелерінің өкілет мерзімі Директорлар Кеңесінің жалпы мүшелерінің өкілеттік мерзімімен бірге тоқталады.

8.19. Директорлар Кеңесінің төрағасы.

8.19.1. Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар Кеңесінің Мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен ашық немесе құпия дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

8.19.2. Директорлар Кеңесінің төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарын жүргізеді, қоғамның осы жарғасымен белгіленген басқа функцияларды жүзеге асырады.

8.19.3. Директорлар Кеңесі төрағасының орынбасары Директорлар Кеңесінің Мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен ашық немесе құпия дауыс беру арқылы сайланады

8.19.4. Директорлар Кеңесінің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын төрағасының орынбасары іске асырады, соңғысы жоқ болса - Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесінің бір мүшесі.

8.20. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру.

8.20.1. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасымен немесе атқарушы органның талабы бойынша шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамның ішкі аудит қызметін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

8.20.2. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібімен ұсынылған жазбаша хабарламамен тікелей бағытталады.

Егер директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартса, бастамашы көрсетілген талаппен директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті атқару органына өтінуіне құқылы.

Егер қоғамның жарғысында басқадай мезгіл көрсетілмесе, шақыру туралы талап түскен күннен бастап, он күннен кешіктірілмей директорлар кеңесінің мәжілісі директорлар кеңесінің төрағасымен немесе атқару органымен шақырылуы мүмкін.

8.20.3. Директорлар кеңесінің мәжілісін жүргізу туралы жазбаша хабарландыру мәжілістің күн тәртібі бойынша материалдар қосымшасымен директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс жүргізу уақытынан үш күннен кешіктірмей жіберілуі қажет.

Директорлар кеңесінің мәжілісін жүргізу туралы хабарландыруда оның мезгілі, уақыты және мәжілістің жүргізілу орны туралы, сондай-ақ, оның күн тәртібі туралы мағлұматтар көрсетіледі.

8.20.4. Директорлар кеңесінің мүшесі атқару органын өзінің директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмауы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

8.21. Директорлар Кеңесінің отырыстары.

8.21.1. Директорлар Кеңесінің отырыстарын өткізу үшін кворум Директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмау керек.

Егер кворумға қол жеткізуге Директорлар Кеңесінің мүшелерінің жалпы саны жетіспесе, Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелер сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері тек қана акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.21.2. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Директорлар Кеңесінің шешімдері осындай кезектен тыс жалпы жиналысындағы Директорлар Кеңесінің мүшелерінің дауысының жай

көпшілігімен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар Кеңесінің төрағасының немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төраға болып отырған адамның дауысы шешуші болып табылады.

8.21.3. Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің мүшелері ғана қатысатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.21.4. Тікелей қабылданған мәжілістегі директорлар кеңесінің шешіміне қаулы жасалады, ол мәжіліс өткен күннен бастап үш күн кешіктірілмей мәжіліске төрағалық еткен және оның хатшысымен жүргізіліп қол қойылады және қаулыда мыналар көрсетіледі:

- 1) қоғамның атқару органының толық атауы және тұтақты мекен-жайы;
- 2) мәжіліс жүргізу күні, уақыты, жері;
- 3) мәжіліске қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге ұсынылған мәселелер және оларға дауыс беру қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар шешімі бойынша басқа да шешімдер;

8.22. Президент.

8.22.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Президент жүзеге асырады.

Президент қоғам қызметіне байланысты кезкелген сұрақтар бойынша шешім қабылдауғы құқылы, басқа органдар мен қоғамның лауазымды адамдарының құзыретіне кіретін мәселелерден басқа

Президент акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Бас мәміле жасаған сәтте жақтардың шектеулер туралы білгенін дәлелдесе директордың қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәмілелерінің нақтылығын даулауға құқылы

8.23. Президенттің өкілеттілігі.

8.23.1. Президент:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;

3) келісім-шарттарға қол қояды, үшінші тұлғалармен қатынаста қоғамның құқығын қорғауға сенімхаттарды береді;

4) Қоғам қызметкерлерін лауазымға тағайындау туралы, олардың ауысуы және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық ақылардың және дербес үстемақы мөлшерін анықтайды, сыйақы мәселелерін шешеді, марапаттау және тәртіптік шара қолданады.

5) Басқа да, акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар Кеңесімен оған берілген, осы органдардың айырықша құзырына жататын мәселелерден басқа өкілдіктерді жүзеге асырады.

8.24. Ішкі аудит қызметі

8.24.1. Ішкі аудит қызметі қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізу үшін саны үш адамнан тұратын ішкі аудит қызметі құрылады.

8.24.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайланбайды.

8.24.3. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы жөнінде жауапты.

9 Бап. Ірі мәмілелер.

9.1. Ірі мәмілелер болып танылады:

1) Бағалы қағаздардың жалпы санының 25 және одан жоғары пайызды құрайтын қоғамның бағалы қағаздарын сатып алуға немесе сатуға, оның ішінде қоғамның бағалы қағаздарын шығаруға және орналастыруға байланысты жасалған мәміле немесе бірнеше мәмілілер;

2) Сатып алуға немесе алып тастауға байланысты немесе қоғам мүлкін сатып алу немесе сату мүмкіндігі олардың жалпы баланстық құны қоғам активінің баланстық құнының 25 және одан жоғары пайызды құрайтын жасалған мәміле немесе бірнеше мәмілілер;

9.2. Қоғамның ірі мәмілелері

9.2.1. Қоғамның ірі мәмілелері туралы шешімдер директорлар кеңесімен қабылданады. Қоғамның ірі мәмілелері туралы шешімдер акционерлер жиналысында бекітіледі.

9.2.2. Қоғам несие берушілер мен акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаған акционерлерге акционерлер жиналысында бекітілгені Қоғамның ірі мәмілелері туралы шешім жөнінде баспасөз органы арқылы хабарлау қажет.

9.2.3. Қоғамның ірі мәмілелері туралы шешімге қарсы келген акционерлер АҚ туралы Заңымен белгіленген тәртіппен оған қарасты акцияларды сатып алуға талап етуге құқығы бар.

10 бап. Қоғамның қаржы есебі және аудит.

10.1. Қоғамның қаржы есебі қоғамның бухгалтерлік балансын, кіріс және шығын туралы есебін, ақша қозғалысын және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік тіркеу мен қаржы есебі туралы Заңына сәйкес басқа да есеп беруді көздейді.

10.2. Қоғамның жылдық қаржы есебі.

10.2.1. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талдау және бекіту үшін өткен жылға жасалған жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді.

10.2.2. Жылдық қаржылық есептілікті директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күн бұрын бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекітіледі.

10.2.3. Қоғам жылдық қаржылық есепті акционерлердің жылдық жалпы жиналысында бекіткен соң отыз күн ішінде баспасөз органында жыл сайын жариялауға міндетті.

10.3. Қоғамның аудиті

10.3.1. Қоғам жылдық қаржылық есепке аудит жүргізуге міндетті.

10.3.2. Қоғамның аудиті қоғам есебінен директорлар кеңесінің, Президент немесе ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін.

10.3.3. Президент Қоғамға аудит жүргізуден бас тартса аудит сот шешімі немесе мүдделі адамның талабы бойынша жүргізіледі.

11 бап. Қоғамның ақпаратты ұсынуы

11.1. Қоғам өз акционерлеріне қоғам акционерлерінің мүддесіне тиетін қоғамның қызметі туралы ақпараттарды беруге міндетті. Акционерлерге осындай ақпаратты беру тәртібі акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

11.2. Акционерлерге Қоғамның органдары мен лауазымды адамдардың іс-әрекеті туралы ақпарат жеткізу үшін, сонымен бірге хабарлар мен басқа ақпараттарды міндетті түрде жариялау үшін қоғам мен оның акционерлері Жалпы жиналыс белгілеген баспа шығарылымдарды пайдаланады.

11.3. Акционердің жазбаша түрде талабы бойынша қоғам оған АҚ туралы Заңымен көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті, төлеу ақысы құжат көшірмелерін дайындау бағасы мен акционерге жеткізу шығындарынан аспау керек.

11.4. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялы ақпараттарды құрайтын құжаттарға қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша шектеулер қойылады.

12. Қоғамды қайта құру және тарату

12.1. Қоғамның қайта құрылуы ҚР Азаматтық кодексі мен АҚ туралы Заң белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

12.2. Қоғамның келесі жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, онда заңдар актілеріне сәйкес несие берушілермен келісіліп және олардың бақылауымен тарату рәсімі белгіленеді.

2) сот шешімі бойынша.

12.3. Тарату комиссиясы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес несие берушілердің талаптарын қанағаттандырады және қоғамның мүлігін бөледі.

12.4. Қоғамның заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазулар енгізілгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуы аяқталды деп есептеледі.

13. Қорытынды ережелер

13.1. Акционерлер арасындағы Қоғамның іс-әрекеті туралы барлық даулар, егер дауласқан жақтар келіссе, акционерлердің жалпы жиналысында шешіледі, немесе сот арқылы шешіледі.

13.2. Қоғамның заңды және жеке тұлғалармен даулары сот арқылы немесе ҚР заңдары белгілеген тәртіппен басқа органдарымен қаралады.

13.3. Осы Жарғыда көзделмеген нормалар, бірақ ҚР Азаматтық Кодексінде; АҚ және құнды қағаздар рыногы мазмұндалған нормалар Қоғамға, оның органдары мен акционерлеріне міндетті.

Акционер қолы:

«БИПЕК АВТО» ЖАҚ

Бас директор _____/Поморцев К.В./